

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ
«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«№69 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ, «АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «№69 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІН
ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ
ҚОРЫТЫНДЫ АНЫҚТАМАСЫ**

**Ақтөбе қаласы
2024 жыл**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы»ММ, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «№69 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесін
өзін-өзі бағалау нәтижелерінің
ҚОРЫТЫНДЫ АНЫҚТАМАСЫ**

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы «Білім» туралы Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығы, "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 15 мамырдағы № 106 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» РММ «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 12 бұйрығы және осы бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы 14.09.2023ж №36 бұйрықпен бекітілген нұсқаулық.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

- 1) Абжалелова А.А. - мектеп директоры, комиссия төрағасы;
- 2) Сырашова Г.К.- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
- 3) Кайболдинова К.С. - директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
- 4) Алашбаева Г.С.-директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
- 5) Рахметова А.Ж. - директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
- 6) Кенжебекова Г.К.- директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
- 7) Толеуова В.Т.- директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
- 8) Есенбекова Ж.С.- мектепалды даярлық сыныбы тәрбиешісі, комиссия мүшесі;
- 9) Саин А.Ғ -педагог-психолог, комиссия мүшесі;
- 10) Сайменова Г.С.-кітапхана меңгерушісі, комиссия мүшесі;
- 11) Ерсайнова А.-логопед маман, комиссия мүшесі;
- 12) Сармуханова А.-есепші, комиссия мүшесі;
- 13) Байманова Г.А. – физика,информатика пәні мұғалімі, комиссия хатшысы;

Комиссия құрамы мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттары бойынша білім беру қызметінің сапасын Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

1. Білім беру ұйымы жалпы сипаттамасы

1. Білім беру ұйымының толық атауы:

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№69 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2.Білім беру ұйымының орналасқан жері (занды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекен -жайы).

Қазақстан, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Жаңақоныс Тұрғын үй алабы Бірлік орам, құрылыс 397Б, пошта индексі 030017

3. Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды почта, web-сайт).

Телефон: 8(7132) 73-03-18 электронды почта 69-mektep@aktgoroo.kz ресми аккаунт 69_mektep

Мектеп сайты: kgu-sch69.edu.kz

4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә. лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі).

Мектеп директоры Абжалелова Айгул Амангельдиевна, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2019 жылғы 05 наурыз №37 бұйрығымен 06.03.2019ж күннен бастап тағайындалған.

5. Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/қуәліктің көшірмесі қоса беріледі).

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу анықтама 2021 жылғы 15 қаңтарда берілген. Алғашқы тіркеу күні 15.10.2018 жыл, БСН – 171040018523. Құрылтайшысы: «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Мектеп жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №448 қаулысымен бекітілген.

6. Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғандығы туралы хабарламаны жіберу туралы талон).

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 27.11.2019 жылы № KZ24RVK00021880 берілген.

- Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 22.11.2019 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ77LAA00017439 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады.

- Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген 6 22.11.2019ж №212 бұйрық;

12. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – УОЖ) сәйкестігі;
2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылына мектептің оқу жұмыс жоспарын жасауда төмендегі нормативтік –құқықтық құжаттар басшылыққа алынды:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
- «2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары;

2021-2022 оқу жылы бойынша

II БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ САТЫСЫ

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары, ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш белем берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары(Өзін-өзі тану пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізге ала отырып құрылды. 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы «Дүниетану» оқу курсының аясында кіріктірілген оқу бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

а) Оқу жоспарының вариативті компонентінен таңдау бойынша сабақтар: Домбыра үйренейік – 2а,б- 1сағат, 4а,б - 1 сағат, Робототехника негіздері -2а,4а- 1 сағат.

ә) Оқу жоспарының вариативті компоненті белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтары бойынша: Би өнері– 2а,ә,б-1 сағат, 4 а, ә,б – 1 сағат, Оқу жылдамдығы – 3ә – 1 сағат, Домбыра үйренейік -3б,4а -1 сағат, Робототехника -3а -1 сағат, Музыка әлемі -4ә,б-1 сағат .

III НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ САТЫСЫ

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламаларын(2021 жыл 20 тамыздағы №415 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер) негізге ала отырып құрылды. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

а) Оқу жоспарының вариативті компонентінің жаһандану күзінеттілік немесе таңдау бойынша курстардың сағаттары: «Парасаттылық және әдеп» - 5а,ә-1 сағат, «Экология» - 6а,ә,б -1 сағат, «Жас сарбаз» -7ә,8а -1 сағат, «Робототехника» -7а,7б-1 сағат, 8ә-1 сағат, «Информатиканы ағылшын тілінде оқыту -8б- 1 сағат, «Зайырлылық және дінтану негіздері» – 9а,ә – 1 сағат.

ә) Оқу жоспарының вариативті компонентінің элективті курстары сағаттары: «Пікірталас технологиясы- заман талабы» –5ә -1 сағат, 6а,б -1сағат,«Робототехника негіздері» – 5а,6ә-1 сағат, «Математикалық сауаттылық»-7а,ә,б-1 сағат, 8а,ә,б-1 сағат, Абайтану 9а,ә -1сағат.

IV ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ САТЫСЫ

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта және жалпы білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын (2019 жыл 15 мамырдағы №205 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер) негізге ала отырып құрылған.

10-класс

а) 10-класс жаратылыстану –математика бағыты:

Бейінді оқу пәндерінің қиыстырылуы білім алушылардың ҰБТ- ге дайындық аясында пәндерді таңдауға бағыттталып, сауалнама нәтижесі класс жиналысы хаттамасымен басымдылықпен физика, химия пәндеріне берілді.

Оқу жоспарының вариативтік компонентінің сағаттары: Жаһандық күзінеттілік бойынша: Кәсіпкерлік және бизнес негіздері-1 сағат.

Элективті курстар: Сандық химиялық есептер-1 сағат, Абайтану-1 сағат, Физикадан тақырыптық есептер шығару-1 сағат

10 -класс қоғамдық- гуманитарлық бағытында:

Оқу жоспары вариативті компонентінің сағаттары: Жаһандық күзінеттілік: Кәсіпкерлік және бизнес негіздері -1 сағат;

Элективті курстар: Математикалық сауаттылық-2 сағат, «Әлия тану. «Тарихи тұлғалар» -1 сағат, Абайтану-1 сағат, «Level up» (Деңгейінді көтер) -1сағат, « XX-XXI ғасырдағы шетел мәдениеті»-1сағат, Геоэкология -1 сағат.

11-класс

а)11-класс жаратылыстану –математика бағытында:

11 кластағы бейінді оқу пәндерінің қиыстырылуы ҰБТ -ға дайындық және білім олқылықтарын жетілдіруге бағыттталсын. Басымдылықпен тереңдетілген деңгейден география, биология пәндері, стандарттық деңгейден «Кәсіпкерлік негіздері және бизнес» пәні жалғастырылсын. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні орыны Драма иірімдеріне ауыстырылсын.

Оқу жоспарының вариативтік компонентінің жеке және топтық жұмыстары сағаттары инвариантты бөлігінің таңдау пәндері бөлігіндегі: Тереңдетілген деңгейден «География» пәніне-4

сағат, «Биология» пәніне-4 сағат. Стандарттық деңгейден «Кәсіпкерлік негіздері және бизнес» пәніне-2 сағат.

Оқу жоспары вариативтік бөлігі сағаттарын оқушылардың таңдауы бойынша:Физикадан тақырыптық есептер шығару-2 сағат, «Сандық химиялық есептер- 1 сағат, «Драма иірімдері»-1 сағат, Құқықтық сауаттылық -1 сағат, Абайтану курсы -1 сағат

2022-2023 оқу жылы бойынша

1,2,3,4-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 11 қосымша «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына ҚР ОА министрінің 30.09.2022 жылғы №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен 8 қосымшамен «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары» негізге алып құрылды.

5-8-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 16- қосымша ҚР ОА министрінің 30.09.2022 жылғы №412 бұйрығымен 13-қосымшасына енгізілген өзгерістермен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары» негізге алып құрылды.

8 «Ә»-сынып оқушысы үйден оқытуға арналған Алтайұлы Ибрахимге № 4 қалалық емханасының № 1424 02.06.2022 ж. Дәрігерлік кеңестің қорытындысы бекіткен «G12.1. Другие наследственные спинальные мышечные атрофии» диагнозымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 500 бұйрығына 55-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқытын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына» сәйкес жұмыс жоспары құрылды.

9-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6- қосымша ҚР ОА министрінің 12.08.2022 жылғы №365 бұйрығымен 6-қосымшасына енгізілген өзгерістермен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» негізге алып құрылды.

11 «Ә» сыныбына арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы 85-қосымшасына Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен 38 қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» негізге алып құрылды.

10«А», 11«А» сыныптарына арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымша Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгерістермен бекітілген 39 қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына» сәйкес құрылды. Үлгілік оқу жоспарындағы сағаттар саны жұмыстық оқу жоспарындағы сағаттар санымен сәйкес келеді.

2023-2024 оқу жылы бойынша

1,2,3,4-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына ҚР ОА министрінің 18.08.2023 жылғы №264 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен 11 қосымшамен «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары» негізге алып құрылды.

5-9-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 16- қосымша ҚР ОА министрінің 30.09.2022 жылғы №412 бұйрығымен 16-қосымшасына енгізілген

өзгерістермен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары» негізге алып құрылды.

7 «А»-сынып оқушысы үйден оқытуға арналған Оразғалиев Газиз Колганатовичке № 4 қалалық емханасының №410 24.03.23ж. дәрігерлік-консультациялық комиссияның №026/е нысан қорытындысы бекіткен «G93.2. Доброкачественная внутричерепная гипертензия» диагнозымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 500 бұйрығына 55-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына» сәйкес жұмыс жоспары жасалып, 2022-2023 оқу жылының 3 оқу тоқсанынан бастап үйден оқыту ұйымдастырылды.

9 «Ә»-сынып оқушысы үйден оқытуға арналған Алтайұлы Ибрахимге № 4 қалалық емханасының №903 18.08.23ж. дәрігерлік-консультациялық комиссияның №026/е нысан қорытындысы бекіткен «G12.1. Другие наследственные спинальные мышечные атрофии» диагнозымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 500 бұйрығына 55-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына» сәйкес жұмыс жоспары жасалып, үйден оқыту ұйымдастырылды.

10 «Ә» сыныбына арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы 85-қосымшасына Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» негізге алып құрылды.

10«А», 10«Б»,11«А» сыныптарына арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымша Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгерістермен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына» сәйкес құрылды. Үлгілік оқу жоспарындағы сағаттар саны жұмыстық оқу жоспарындағы сағаттар санымен сәйкес келеді.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

Талдау нәтижелері:

2021-2022 оқу жылында 1-11сыныптарда оқу пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрық) басшылыққа алынып жасалды.

2022-2023 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы»; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы) осы бұйырықтар басшылыққа алынған.

2023-2024 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399

бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен) енгізілген өзгерістерімен басшылыққа алынған.

Инварианттық компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру мектепте электрондық журналда сақталған (2021-2022, 2022-2023 оқу жылы бойынша Kundelik kz электронды журналының жүктелген ПДФ форматта қосымша ұсынылады) оқу пәндерінің бағдарламалары талапқа сай толтырылған, сағат сандары үлгілік оқу жоспарына сәйкес орындалған. Барлық инварианттық пәндердің күнтізбілек-тақырыптық жоспарлары 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары «Kundelik.kz» электронды журналы, 2023-2024 оқу жылы «BilimClass» электронды журналда толтырылды.

Мектептің 3 оқу жылы бойынша білім және үлгерім сапасын төмендегі кестеден көруге болады.

	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Оқушы саны	559(1 сыныпсыз)	707/622	729/654
Білім сапасы%	58%	57,5%	59%
Үлгерім сапасы%	100%	100%	100%
Оқу озаты	143	133	164
Оқу екпіндісі	180	180	221

Үш жылдық оқу жылын салыстыру барасында мектеп бойынша білім сапасы жоғарылап келе жатқанын көруге болады. Оқу пәндерінің базалық мазмұнын барлық оқушылар игергендігі анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымшасы 2-тарау 10-24 тармағы 3 қосымшасы 2 тарау 11, 22-37-тармақ, 4 қосымшасы 2 тарау 22-28 тармағы талаптарына сәйкес келеді.

3) Білім алушылардың субъективті және білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

«№69 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-де 2021-2022 және 2022-2023 оқу жылдарында оқушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелері шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», мектеп директорының № бұйрығы негізінде жүзеге асырылды. ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген 201-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары, ҚР-да өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері мен Абайдың «Толық адам» рухани мұрасы шеңберінде бейнеленген дамығына толыққанды адамның ұлттық бейнесін дамытуды көздей отырып, тәрбие жұмысы жоспарланды.

2021-2022 оқу жылында «№69 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің тәрбие жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-адамгершілік тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі:

Жастардың бойында азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және Отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін әрекеттерге төзбеушілікке тәрбиелеу және жаңашыл ақпараттық технологияларды қолдану арқылы модернизациялау.

Мақсаты: Өзгермелі ортада өмір сүруге дайын, бәсекеге қабілетті, шығармашыл, білімді тұлғаны қалыптастыру және дамыту, мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін және белсенділігін арттыру.

Міндеттері:

- Мектеп жасындағы жеке тұлғаға әлеуметтендіру, ұлттық жалпы азаматтық және өркениеттік, адамгершілік құндылықтарды игерту арқылы жан-жақтылықты тәрбиелеу;
- отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;
- мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасау;
- оқушы жастар мен балалардың арасында әлеуметтік тұрғыдан есірткіге қарсы тұру қабілетін қалыптастыру.
- оқушы балалар мен жастардың арасында діни экстремизмге қарсы шаралар мәнін күшейту.
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білетін ұрпақ тәрбиелеу.
- Тәрбие жұмыстары «**Мәңгілік Ел**» ұлттық идеясына негізделген «**Тәрбиенің құндылықты моделі**» аясында 8 бағытта жұмыстар жүргізілді. Әр бағыттарға тоқталатын болсақ, мемлекет көлемінде аталып өтілетін мерекелерге іс-шаралар кешені ұйымдастырылып отырды.

2021-2022 оқу жылының қортыныдысы бойынша жоспарланған іс-шаралар өз деңгейінде жүзеге асырылды. Оқушылардың қызығушылығын ояту, білім алудың қажет екенін сезіндірудің маңыздылығына нақты іс-шараға қатысуын қамтамасыз ету арқылы көз жеткізеді, бұл табысқа жетудің алғашқы қадамы болып саналады. Жалпы мектеп бойынша құқықбұзушылық, келеңсіз жағдайлар болған жоқ. Ол да біздің жүргізілген жұмыстарымыздың нәтижесі деп бағалауға болады. Мектептегі бақылауға алынған оқушылар биылғы жылы «Жас ұлан» ұйымына тартылып түрлі жұмыстар атқарды. Атқарылған жұмыстары бойынша оқу жылының аяғында мектеп әкімшілігі тарапынан марапатталды. Мектепшілік іс-шараларда, «Жас сарбаз», «Қызғалдық қыздар» ұйымы, «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер бірыңғай ұйымының «Мектеп кеңесі» мүшелерімен тығыз байланысты

жұмыс

жасалды.

<https://www.instagram.com/p/CddeyFslcN/?igsh=MW9rcXYyeHhkbGM5NA==>
https://www.instagram.com/reel/CjDg7HIM_7i/?igsh=MW54OGRjM2JqcDNmcw== «Баланы-жастан» деген халық мәтелі тегін айтылмаса керек, сірә. Қоғамдық жұмыстарға тартылған бала, бос уақытын тиімді өткізе алады. Сонда ғана бала ел сыйлайтын азамат болып шыға алады. Нағыз адам болу – Отан алдындағы борышыңды өтеу, адами қарым-қатынасының, қоршаған ортамен үйлесімдігін. Еліміздің болашақ жас ұрпақтарын жан-жақты дамуы үшін одаққа тікелей байланысты. Әлеуметтік жұмыстар бойынша 2021-2022 оқу жылында 379 отбасының, 234 көп балалы отбасы, 21 толық емес отбасы, аз қамтылған отбасы саны - 13. Класс жетекшілер оқушылардың әлеуметтік паспортын жасап, көмек қажет ететіндерге әлеуметтік қолдалар жасалып отырды. Елді мекенде орналасқан «Бақытжан» мешіті демеушілігімен республикалық «Мектепке жол» акциясы асында аз қамтылған, көп балалы отбасының 31 оқушысына көмек көрсетілді. Мектепшілік бақылауда 2 оқушы тіркелді.

2022-2023 оқу жылы бойынша «№69 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын, 2016 ж 26 сәуір бекітілген «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтарын, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облыстық білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспарын негізге ала отырып мектептің тәрбие жұмысының жылдық жоспар құрылып, бекітілді. Жоспар класс жетекшілер әдістемелік бірлестігі отырысында талқыланып, бекітілді. Класс жетекшілер де тұжырымдаманың 8 бағыты бойынша жұмыс жүргізіп отырды.

«№69 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-сі бойынша 2023-2024 оқу жылында «№69 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-сі бойынша оқу-тәрбие процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылды.

ҚР-сы 2004 жыл шілдедегі «Кәметке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу» туралы №591 заңының өзгерістерімен негізге ала отырып, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында құқықбұзушылықтың алдын профилактикалық кеңесі құрылды. Астана ауданы, ҚІБ №1 бөлімімен бірлескен жұмыстар жоспары бекітіліп, іс-шаралар ұйымдастырылды.
<https://www.instagram.com/p/C6V1QfPsPz0/?igsh=MW1wMzdnM2wyMGM2bQ==>
https://www.instagram.com/p/C55SN_XsbVW/?igsh=MXZ5bTh6Z29vOTNqYQ==

«Ақтөбе қалалық білім бөлімі» ММ-сі жұмыс жоспарына сай класс жетекшілеріне арналған «Қыз бала тәрбиесіндегі халықтық таным мен ұлттық дәстүр» тақырыбында қалалық класс жетекшілерге арналған семинар <https://www.instagram.com/reel/CozwNZYJ8X5/?igsh=MXY3b2VmcTUzeGVhOQ==>),

«Жаһандану жағдайында жасөспірімдердің бойында эстетикалық құндылықтарды қалыптастыру» тақырыбында қалалық директорың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларға арналған шебер класс өткізілді. Республикалық «Қазақстанның әкелері» қоғамдық қорының құрылтайшыларының ұйымдастыруымен «Өнерлі әке» байқауының кезеңдеріне әкелер тартылып, «Шебер әке» номинациясының қалалық кезеңіне Қаржауов Данияр Жұматайұы ұсынылды. 2022-2023 оқу жылында Унгарбаев Мейрамбек Асқаровичтің жетекшілігімен «Аманат» дебат клубы қатысушылары қалалық, облыстық турнирлерде жүлделі орындарға ие болды.

<https://www.instagram.com/p/CjveV1kMKpB/?igsh=d3NkOTdvNHBndHRn>

<https://www.instagram.com/p/CdwAxGssBa8/?igsh=Nmo2eGhvcmc4Ynox>

2022-23 оқу жылынан бастап елді мекеннен 3 км қашықтықтан қатынайтын лқушылар тасымалы ұйымдастырылды. Ата-аналардан өтініштер алынып, келісім-шарт жасалды. Тасымал көлігі комиссиямен тексеріліп отырды.

<https://www.instagram.com/p/Ci2GM3XsQc7/?igsh=MWV0bTlcmM3dXd2Mg==>

2023-2024 оқу жылында арналған **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ» ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУ ХАТ** бойынша Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы негізгі басымдықтар – білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету. Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларды тәрбиелеу ісі:

- оқу пәндерінің мазмұны;
- сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралар;
- сыныптан тыс іс-әрекеттер мен қосымша білім беру (үйірмелер, клубтар, секциялар, факультативтер және т.б.) арқылы жүзеге асырылды.

Тәрбие үдерісі - бұл тұлғаның тәрбиелік деңгейі, ол оқушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекеттестікке дайындығымен сипатталады. Осы дайындықты анықтау және айқындау үшін диагностика-оқушының даму үдерісі мен нәтижелеріне талдау жүргіземіз. Ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеу мақсатында сынып жетекшілер оқушының тәрбиелік деңгейін бақылайды.

Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі: тәрбие беруді ізгілендіру арқылы бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру.

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының мақсаты:

Міндеттері:

Мектепте 1-11 сынып аралығында 31 сынып комплектісі бар, 1-4-сыныптарда 13 сынып, 5-9-сыныптарда 14, 10-11-сыныптарда 4 сынып. Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді. Сынып жетекшілердің барлығы жоғары білімді, бірлестік бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарды. Жыл бойы мектепте төмендегідей тақырыптарды қамтитын 2 семинар өтті:

1. Тәрбие жұмысын жоспарлау.

Тәрбие жүйесі, сыныптағы тәрбие жұмысын ұйымдастырудың тиімді әдістері ретінде.

Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағытының жұмыс жүйесі.

жиналысының рөлі;

Тәрбие сағатын талдау үлгісі мен ұйымдастыру жолдары

2. Жасөспірімдер арасында ұшырасатын суицид көріністерінің алдын алу;

Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттырудағы ата-аналар.

Сынып жетекшінің портфолиосы.

Оқушы күнделіктерінің жағдайы.

2023-2024 оқу жылының негізгі ерекшеліктері басшылыққа алына отырып, жоспар жасалды.

Атап айтқанда:

- ✧ Экологиялық білім беру сапасын арттыру: экологиялық проблемаларды шешуде білім алушылардың практикалық дағдыларын дамытуға арналған зертханалық, зерттеу, жобалық жұмыстарды ұйымдастыру.
- ✧ Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейту.
- ✧ Білім беру ұйымдарында тұтас тәрбие бағдарламасын енгізу.
- ✧ Домбыра тарту бойынша факультативтік курстар өткізу, мектептердегі шахмат секцияларының желісін кеңейту.
- ✧ Мерейтойлар мен атаулы күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру.
- ✧ Мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығын құру.
- ✧ Педагогтерге арналған «Цифрлық кітапхана» жобасын жүзеге асыру.
- ✧ «Үздіктен үйрен» жобасын іске асыру: «Үздік педагог» байқауы жеңімпаздарының озық педагогикалық тәжірибесін дәріптеу
- ✧ «Білім беруді өзгертудегі 1000 көшбасшы» республикалық кадрлық резервтің деректер қорын жасау.

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертені болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері

айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже: 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы: - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі: - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы: - Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі: - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы: - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командалық жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі: - Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»

3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

Мектебімізде тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасына енгізілген, сонымен қатар он жоба аясында жұмыстар атқарамыз. Бағдарлама үш құндылыққа негізделген: ұлттық мүде, ар-ұят, талап. Тәрбиені жүзеге асыру: пәндік мазмұн, сынып сағаттары, сыныптан тыс іс-әрекеттер, отбасымен ынтамақтастық, үкіметтік емес ұйымдармен өзара әрекеттесу. Сонымен қатар оқушыларды әлеуметтік жобаларға тарту. Бағдарлама аясында 10 жоба жұмыс жасайды, мұғалімдер арасынан жетекші бекітіліп, мектеп оқушыларынан құрамы жасақталған. (бұйрық №215.01.09.2023ж). Атап айтқанда:

1. «Оқуға құштар мектеп» жобасы- Сайменова Г, Г.Жумашева
2. «Балалар және театр» жобасы - Жақыпова А
3. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы- Курбанова А
4. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы – Унгарбаев М, Советова А
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы- Бажирова Б
6. «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы- Сауғабаева А, Е. Оразғалиев
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»- Урысбаева Г
8. «Төрт тоқсан- төрт өнер»
9. «9 айға- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі» жобасы – Саин А

Аталған жоба және клуб жұмыстары жоспарлы түрде барлық жұмыстарды белсенді атқарды. Соның ішінде қалалық, облыстық, республикалық деңгейде жетістіктермізде бар. Мектеп инста парақшасындағы жарияланым арқылы бағдарлама аясында жүзеге асырылған жұмыстар санына тоқталар болсам, инста парақшада арнайы тәрбие жұмыстары Біртұтас тәрбие хештегі арқылы және жобалар атауының хештегін енгізу арқылы атқарылған жұмыстармен танысуға болады. Соның ішінде барлық жобалар мен клубтар жұмысы енгізілген. Республикалық қосымша білім беру оқу- орталығының 31.08.2023 жылғы № 15-53-173 хатын, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ- нің 2023 жыл 20.09.№ 2/4216 шығыс хатын, мұғалімдер күніне арналған мектептердегі білім алушылардың өзін-өзі басқару «Дублер күні» күнін өткізу ережелерін басшылыққа ала отырып 5 қазан күні «Дублер күні» ұйымдастырылды.

